

ӘОЖ 325.68

ХАТ ЖАНРЫНДАҒЫ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СИПАТ

Қанағат Аяулым
kanagat.aiaylym@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің магистранты

Ғылыми жетекшісі – М.Тоқтағазин

Хат жанры ықылым заманнан бері бүгінгі күнге дейін әлеуметтік маңызы зор жанрлардың бірі. Оның публицистік сипаты қалың қауымның, ғылыми ортаның ерекше назарын аударып отыр. Хат мәтіні- мәдени және тарихи мәні зор жанрлардың бірі, жазба тілдің ежелгі формаларының бірінен саналады. Эпистолярлық жанр – әдебиеттану мен журналистика саласындағы ерекше жанрлардың қатарында тұр.

Әсіресе, бүгінгі күні Отанымыз мәңгілік болуға ниеттеніп, маңызды идеялар тастап, маңызды бағдарламалар жасап жатқанда, хат жанры саласын да арнайы зерттеу – уақыттың бүгінгі талабы болып отыр. Тәуелсіздік алған жылдардан бері еліміздің атағы асқақтап, экономикалық тұрғыдан да дамып келеді. Хат қазіргі таңда тұрмыстық шеңберден шығып, қазіргі кезде публицистикада, әртүрлі мекемелерде іскерлік хаттар көрініс таба бастады. Мәселен, хат басқару байланысының негізгі құралы болып табылады. Хабар – ошар алысу

мекеме құжаттарының жалпы көлемнің 50 пайызын құрап отыр. Хат жазудың соңғы жетістіктерінің бірі – бүкіләлемдік интернет жүйесі арқылы кез-келген электрондық мекенжайы бар досыңа немесе басқа адамдарға хат жіберсеңіз ол бес секундтың ішінде өз иесін табады, яғни дүниенің төрт бұрышына ортақ байланыс. Сонымен қатар бұл жүйе арқылы көптеген суреттер, іс қағаз құжаттарын, т.б. хат арқылы жіберіп өзіңіздің де алу мүмкіндігіңіз бар. Хат стилінің адамдар арасындағы қарым- қатынас құралы ретіндегі маңызы зор деп айта аламыз. Болашақта да осы хат жанры өзінің даму шеңберін кеңейте береді деп ойлаймыз.

«Эпистолярлық» делініп жүрген терминнің өзі көне грек тіліндегі «epistole» сөзінен шыққан. Ол хат деген ұғымды білдіреді екен. Қазақ Совет энциклопедиясында бұл тұрғыда мынадай анықтама келтірілген: «Эпистолярлық әдебиет, эпистолография (грекше жолдау, үндеу) – сан алуан хат түрінде жазылған шығарма. Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады...» [1-350-б], - делінген Сонау тас ғасырында адамдар үнгірлерге түрлі аңдардың суреттерін салып кету арқылы келесі сол жерге келіп қоныстанатын адамдарға сол өңірде қандай аңдар мекен ететінін жеткізіп отырған. Бұл жабайы да болса ақпарат берудің сол дәуірдегі бір формасы десек болады. Кейіннен заман өзгере келе түрлі белгілермен хабар беру дүниеге келді. Яғни әлеуметтік жағдайларынан ақпарат берудің алғашқы қарлығаштары десек болады.

Осы орайда профессор С. Корконосенко «Әлеуметтік ақпарат адам қызметі процессінің нәтижесінде пайда болады және ол қоғамдық мәні бар фактілерді айқындайды. Әлеуметтік ақпарат адамдар арасындағы байланысты орнату үшін және әлеуметтік жағдайымен шарттастырылған мақсаттарға қол жеткізуді жүзеге асырады» [2,75-б]. Ол заманда қазіргідей жазу жоқ болса да бір индивидтің екінші біреулерге айтпағын жеткізуі маңызды болды. Зерттеуші Е.Прохоровтың тілімен айтқанда «...мәтіннің сипаттамасы емес, оның тұтынушымен қарым – қатынастының қорытындысы маңызды» [3,32-б].

Уақыт өте келе дәстүрлі хаттың алғашқылары пайда бола бастады. Белгілі ғалым Бауыржан Жакып бұл тұрғыда өз пікірін білдіріпті: ««Ежелгі замандардағы жазба мәдениеттің көп таралған ертедегі көріністерінің бірі - шаруашылық, дипломатиялық және жеке жолдаулар мен хаттар болды. Бұл тарихи естерткіштердің бір тобы – ресми сипаттағы қызметтік құжаттар болса, енді бір парасы – тұрмыстық, отбасылық, достық сипаттағы жеке адамдар арасындағы хаттар болды. Кейбір хаттарда қоғамдағы маңызды мәселелер қозғалып, саяси көзқарас, әлеуметтік идеялар көрініс тапты. Міне дәл осындай жолдаулардан келіп публицистикалық эпистолографияның алғашқы көріністері туды» [4,150-б].

Қазақ публицистикасында эпистолярлық жанр қазақ баспасөзі дамыған тұста өркендей бастады. Бұған дейін қазақ халқының саяси өмірінде эпистолярлық жанр яғни хат жанрының болғаны рас. Әсіресе солардың ішінде ерекше аталатыны – бұл жауап хаттар. Жауап хаттарда белгілі бір саяси оқиға, жағдай, мәселеге байланысты қойылған сұрақтарға жауап беріледі. Мәселен, бұған 1694 жылы Тәуке ханның Ресеймен достық қарым-қатынастарды жаңғырту туралы хаттарын мысал етуге болады. Байқағанымыздай қазақ публицистикасында эпистолярлық жанр тегіннен тегін пайда болған жоқ. Ол ең әуелі саяси өмірде кең қолданысқа ие болды. Публицистикадағы эпистолярлық жанрдың басты ерекшелігі сөз әдеби немесе этикеттің сақталуы еді. Айталық Л.Дүйсембекова қызметтік хаттарды талдай келе оларды этикеттің ерекше формалары сақталатынын алға тартады [5].

Қазақ журналистикасында хат жанрына байланысты терең жазылған зерттеулер жоқтың қасы. Бірқатар зерттеушілер жекелеген жазушылардың хаттары туралы ғылыми мақала жазумен шектелгені де белгілі. Ал бірқатар университеттерде бакалавр деңгейінде диплом жұмыстары қорғалған. Алайда хаттың публицистикалық сипатын терең ашып көрсету үшін бұл аздық ететіні сөзсіз.

Егер жекелеген хаттарды зерттесек хаттың публицистикалық сипатын айқындауға орай біраз жайттарды аңғарамыз. Мәселен Қазақстанның Халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әзілхан Нұршайықовқа інісі Қайсар Әлім 5 қазан 2001 жылы жазған хатында назар

аударарлық жайларды жазған. Хаттың мазмұны мен көркемдік сипатына көз жеткізу үшін үзінділер келтірілді: «Құрметті Әзаға! Сау-сәлемет болдыңыз ба? Үй-іші, балалар аман ба? Денсаулығыңыз жақсы ма? 24 қыркүйек, дүйсенбі күні-мен үшін айрықша күн болды. Сізден бүйірі толық пакет алып, оны ашып жатып-ақ арқа-жарқа болып қуандым. Торғай облысы жабылмай тұрған 1997 жылға дейін оның бұрыны орталығы Арқалықтан Сізбен хат жазысып хабарласып тұрушы едім ғой. Сол сәттер хат арқылы ыстық қауышқан аңсаулы да, кәусарлы кезеңдер екен ғой. Одан бері қаншама уақыт өтті. Облыс жабылып, біразымыз жан-жаққа бытырап кеттік. Тағдыр айдап мен 1997 жылдың сәуір айында Ақмоладан бір-ақ шықтым. Біраз жұмыссыз жұрып, сәті түскенде Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне қызметке тұрып, онда екі жарым жыл жұмыс істедім. Бірақ шенеунік қызметінен кезегем кейін тарта берді де өзімнің бұрынғы сүйікті ұям «Егемен Қазақстанға» 2000 жылдың 17 мамырында қайыра келдім. Кейде ойлаймын, баяғы Керекуде өзіңіз басыңыздан кешкен кейбір тұстарға келіңкірейтін жағды да бар ма деп. Сіз онда облыстық газеттің редакторлығынан «Социалистік Қазақстанның» сол өңірдегі тіршілігіне сұрандыңыз ғой. Сол қадамыңызды қазір неткен ерлік деп бағалаймыз. Сөйтеміз де «жаудың құдіреті-ау» деп түйін түйеміз. Алмас қаламыңыздың таңдап әперген дұрыс жолы осы болған екен-ау. Оны уақыт та дәлелдеп, қуаттап отыр емес пе?» [6,267-6].

Қайсар Әлім осы хатында бұдан кейін ерекше толқыныстарын жасыра алмайтынын былайша жеткізеді: «Әзаға! Хатымның басынан-ақ өткеннің мұндай сезіміне ырық беруімнің жөні де бар секілді. Пакет ішінен шыққан үш дүние – «Өмір өрнектері» мен «Қаламгер» кітаптарыңызбен қатар «Халима» атты мәңгілік махаббат туралы жырыңыз менің жан-дүниемді өзгеше арпалыс күйіне түсірген магнитімен ғажайыптық әлемге сүйрей жөнелген еді. Өмірдің қуанышы мен күйініштері қатар өрілген осынау тағылым жырларын бейқам отырып оқып шығу мүмкін емес. Алғашында жеделдетіліп жауап хат жазып жібермек болып оқталғанымен, бірте-бірте тосыла бердім. Алматыдан Арнұр інім қоңырау шалғанда да шешесіне көңіл айтып, «пакет алғанмын, хат жазамын» деуден әріге бара алмадым. Сондағы тұсалғаным мына себептен екен: әлгі үш дүниеден бас ала алмағаным.

«Халиманы» алдымен жұмыста өзім оқып, үйге барған соң Алтын келініңізге оқып бердім. Кейін балалар жиналған соң оларға және бір қайталамадым. Балаларымның ішінде орысша оқып, қазір тәп-тәуір қызметте жүргендері де бар еді, бәрі де тым-тырыс отырып тыңдады...

Сосын оңашаланып алып, «Қаламгерді» оқуға кірістім. «Өмір өрнектерін» редакция тартпасына салып кеткем, жұмыстың ара-арасында жылжыта берейін деп. Сөйтсем, кейін «Қаламгерді» оқып бітірген соң білдім ғой, менің редакцияда кітап оқуым құдды Мұқан ұстазымыздың өзіңіз жазған тәсіліне ұқсай қалған екен. «Болмасаң да ұқсап бақты» ұстанған едік, тіпті «күнделік жүргізуім Әзағаңа ұқсағанын қарашы» деп енді қазір көңілімді бер демдеп, өсіріп тастап отырмын. Мұндай күй кешудің өзі жазатын адамға әл-қуат береді екен...

Ал, редакция тартпасындағы «Өмір өрнектері» өз орнын енді тапқандай, ол күнделікті тірегіме, ақылшыма айналып кетті. Қалам жүрмесе немесе көңіл күйректенген сәттерде оның беттерін ашып жіберіп, өзіңіз айтпақшы, кез келген жерінде үңіле қалсам, басымдағы тұман сейіледі. «е, Әзағам айтқандай екен бәрі, неге үнжырғам түседі» деп жорғадай тайпалып шыға келемін. Енді бірде «Өмір өрнектерін» бөлмеге келген әріптестеріме көрсетіп, мына жерінде былай дегені бар деп, оларды да қара сөздің күнісіне орап жіберемін. Жанат Елшібек, Самат Мұса, Марат Аққұл, Сүлеймен Мәмет, Айдарбек Ғазиз сынды журналистер, міне, Сіздің сөз өнеріңізге табынғандардың бірегейлері ғана...

Сонымен, Сізден алған осындай сәлемдемелерден соң екінші бір тынысым аашылғандай болды. Ең бастысы, Өмір дегенге о жақ, бұ жағынан тағы сынап, зерделей қарадым. Ғұмыр болса, сынап қарай береміз... «Халима», «Өмір өрнектері», «Қаламгер»-өмірдің ұлы ұстаздары болып қала бермек оқырмандарыңыз үшін. Хош-сау болыңыз Әзаға! Әрдайым амандықта болып, хабарымызды үзбей, жарасты ғұмыр кешелік. Балаларға, келіндер мен немерелерге сәлем айтыңыз. Өзіңізді аса қадірлеуші ініңіз Қайсар Әлім. 5 қазан, 2001 жыл, Астана» [6,268-6].

Жүрегінен шыққан ыстық сөздеріне мән беріп қарасақ, сағыныш лебі сезіледі. Басынан кешкен қуанышты да, қайғылы да, күрсінетін де оқиғасын, екеуі бірге өткізген сәттерін есіне алған. Қайда жұмыс жасағанын, жұмыстан шығып қала берсе де қанаты қайыспай, не болса да берілмей алдыға ұмтылғанын жазған. Еліміздің беделді «Егемен Қазақстан» басылымында қызмет атқарғанын тілге тиек еткен. Кезінде Әзілхан ағасының айтқан ақылы өзінің өмір жолында үлкен арқау болғанын, үлкен алғыспен өз хатында айтқан. Бұл хатының көп бөлігін Әзілхан Нұрышайықов жазған шығармаларға арнаған. Өзінің бұл туындыларды оқығандағы ішкі тулап жатқан сезімін жасырмай, қатты әсер алғанын айтады. Тіпті жанындағы жолдастарына, отбасына сөз етіп айтып отырған. Қайсардың күнделік жүргізгені Әз ағаға ұқсайтындығын есіне алып, көңіл күйін өзі көтеріп қояды. Сөз соңында, сол кісіден өзі секілді журналистер сабақ алатынын, ағасына деген ізгі тілектерін ақ парақ бетіне түсірген. Бұл хат ерекше құрметімен ерекшеленетіні айқын.

Сүйсіне оқитын тағы бір хаттың авторы - Серік Әбдірайымұлы. «Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді» демекші, нағыз жүрек тербетер жазба. Ішіндегі жан сырын, осы жыр арқылы жеткізіп тұр. Махаббаттың бар екеніне осы шығарма арқылы көзі жеткен. Қазақтың аяулы қыздарын, адал жарларын, асыл аналарын, ардақты әжелерімізді көзі тірісінде сыйлау керуе екенімізді жазған. Қыз баласына, әйел қауымына дегене ерекше құрметті арттыра білетін естелік. Бұл әлемге ақиқат көзбен қарасақ, бұл шығармада шындық жазылғаны анық. «Мәңгілік махаббат жырын» оқыған ер азаматтарға ой салатынын, оқыған қыз-келіншектерде толғанатынын нық сеніммен айтқан. «Әзағаға махаббатының қимастықпен қалдырған сақинасын осы жырдың кепілі ретінде, өзі жақсы көретін немере, шөбересіне тастауын өтінген. Хат соңында осы шығарманы оқуға кеңес беріп, тілегін жазып, «Хамила 1977» сақинасын тағып жүруді ұзағынан жорғай деп сөзін аяқтаған.

Енді хатқа үңілейік: «Аса ардақты Әзілхан аға! «Мәңгілік махаббат жырын» оқып шықтым. «Оқып шықтым» деу-немкеттілеу сөз. Елжіреп, езіліп отырып, қалай егілгенімді аңғармай да қалдым. «Халима» - жеңгемізге ғана емес, қазақтың аяулы қыздарына, адал жарларына, асыл аналарына, ардақты әжелеріне орнатылған мәңгілік ескерткіш. Шын сағыныштан туған дастан. Айта алмай, жаза алмай, айтсақ та, жазсақ та, Әзаға, сізше айта алмай, сізше жаза алмай жүрген тақырып еді, соны боямасыз, қиялсыз, тіпті, қоспа-бүкпесіз қағазға хаттап бергеніңізге дән ризамын! Ғабең Горькийдің аналарын қазақша қалыпқа салып, «Ұлпанды» әдеби көркем бейнеге айналдырып кетіп еді; Сіз Халима жеңгеміздің (жаны жәннатта болсын!) бар болмысын, бар бітімін, бар табиғатын іңкәр көңілмен үздіктіре айтқанда, көптен тұшынбаған, көптен сүйінбеген жан бір тебіренді. Оқыған ер азаматтар да ойланар, оқыған қыз-келіншектен де толғанар. Тәлім алам дегенге тәрбиелік мәні зор өмір жолы бұл. Аққудың сыңарынан айрылғанын аңыздан, күйден естіген жан еріксіз көзіне жас алатын. Адам, Азамат, Жазушы жарын, досын, жан серігін жоғалтқандағы жоқтауын оқыған кісі селт етіп оянбауы, дүр етіп сілкінбеуі мүмкін емес. Тек бір өтінішім: жеңгем қимастықпен қалдырған сақинаны осы «Мәңгілік махаббат жырының» кепілі (залогы) ретінде өзіңіз жақсы көретін немере, шөберелеріңіздің біріне қалдырыңыз. Ұрпақ айта жүрсін.

Ардақты Әзаға, махаббатт үш түрлі болады депсіз. Әр адам өзінше ғұмыр кешсе, әркім өзінше сүйеді. Бірақ ғашықтық дертіне ілуде біреу ғана ұшыраса керек, екі жақсының қосылмайтыны содан-ау деймін. Біздің сүйдік-күйдік дегеніміз көрсеқызарлық па деп қорқамын. XVII ғасырда өмір сүрген өзбектің ақын қызы Увайсий:

«Любовью заболеть каждый сможет,

Любовью исцелять не каждый способен»

десе, XXI ғасырда ғашықтық дертіне тек кәусар сезім нұрымен-сыйластықпен емдеудің жолын «Халима» арқылы көрсеттіңіз. Алла қос көрсе екі тілек: біріншісі- жастарымызға осы шығарманы жаппай оқуға жазғай! екіншісі- деніңіз сау болсын, қаламыңыз мұқалмасын, «Халима.1997», сақинасын тағып жүруді ұзағынан жазғай! *Ризашылық көңілден, қаламдас Ініңіз Серік Әбдірайымұлы, 11.04.2002»* [6,269-б]

«Жас алашқа хат» деп аталған хатта Әзілхан Нұрышайықовтың газеттен оқыған Сәбит Дүйсенбиевтің «Махаббат миниатюралары» деген мөлтек әңгімеден алған әсерін жазған.

Көкейін тесіп жүрген «Осы күні жастар махаббаты қандай екен?» деген сұраққа жауап алғандай болды. Өздерінің заманындағыдай үлгі алған махаббат па екен әлде қазіргінің киноларындағы тұрақсыз махаббат па деген ойына да жауап бере алды. Оқып болғаннан кейін, махаббаттың ешқашан өзгермейтінін түсінді. Оны жазушының мына сөзінен байқай аламыз «Мәңгі бақи сол суымайтын ыстық, айтылмайтын адал қалпында қалады екен». Бұл әңгімеде өздерінің басынан кешкен, олардан бұрынғылардан мұра болып қалған асыл махаббат кетпегенін түсінді. Автор әңгімесінде, махаббат сезімін жеткізе білгеніне риза болып, алғыс айтқан.

Енді хаттың өзіне кезек берсек: «Жас алашқа» хат, Құрметті редакция! Сіздің газеттен Сәбит Дүйсенбиевтің «Махаббат миниатюралары» деген мөлтек әңгімелерін оқыдым. Қатты қуандым. Қуанатыным: Осы күнгі жастар махаббаты қандай екен? Біздікіндей ме екен біз үлгі алған баяғы ғашықтардыкіндей ме екен? Әлде қазір кинолардағыдай тұрақсыз, тұрлаусыз ба екен? - деп ойлаушы едім. Жоқ, асыл, ақ махаббат ешқашан өзгермейді екен! Мәңгібақи сол суымайтын ыстық, айтылмайтын адал қалпында қалады екен! Оның бір мысалы – осы әңгіме. Мұндай алғашқы таныстық та, көшедегі кездесулер кезіндегі күйзеліс те, жігіт пен қыздың қосылардағы қызғаныш, қуанышы да жолаушы кеткен жарға деген сағыныш та, асыл жардан айырылып салғандағы мәңгілік мұң да-бәрі рас. Жүрек сыздатады.

Біз бастан кешіп, бізден бұрынғылардан мұра боп қалған асыл махаббат алыстап кетпеген екен. Махаббат мәңгі өмір сүреді екен! Мөлдір махаббатты лайлап, Махаббат жоқ деп жүргендердің өрісі ұзаққа бармайды екен. Автордың өз әңгімесінде осыны жеткізе білгеніне риза болдым. Қазіргі жастардың құлақтарына құятын махаббат сабағы осы деп ұқтым. Сұлушаш пен Мөлдір махаббатты жазған атақты Сәбит Мұқанов атасымен аттас кіші Сәбитке алғыс айтамын. Өз бетінде осындай өнегелі әңгіме жариялаған Жас Алаш газетіне ризалық білдіремін. Зор құрметпен – қарт авторларың Әзілхан Нұршайықов [6, 269-б].

Бұл жеделхатты Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед жазған. Жазушының сексен жасына ізгі тілектерін білдірген. Тіпті Халима екеуінің махаббатын Қозы мен Баянға теңеп, көпке үлгі болатын жыр екенін жаза кеткен.

Енді бұл жазбаны жазушымыз өзінің туған күнінде, шын ниеттерін білдіріп тілек айтқан жандарға арнаған. Яғни Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедке, Қазақстан Республикасы қарулы күштері, Әскери академия бастығы Еділ Уразовқа, Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданының әкімі Марат Әкірамовқа, Қазақ Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалинге өз алғысын білдірген. Мерейтойына арнап мақала шығарған «Жас Алаш», «Қазақстан сарбазы», «Қазақстан-Заман», «Дидар» газеттеріне ризашылық білдірген. Телефон соғып, үйінен дәм татып кетіп жатқандарға да үлкен рахметін білдерген. «Қазақ әдебиетті» атты газетке құттықтау шығарған туысқандарына, бауырларына, отбасына алғысын білдірген!

Мына хаттарға мән берсек: «Жеделхат Әзілхан Нұршайықовқа, Қадірлі Әзеке, Сізді шығып отырған сеңгірлі асуыңыз – сексен жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Сіз қашан да адалдықты, ізгілікті достықты, имандылықты шығармаңызға арқау еткен шын мәнінде халықтың сүйікті жазушысысыз. Қалың оқырманға махаббат жыршысы атанған қаламгерсіз. Бір ғана «Махаббат, қызық мол жылдарыңыз» қай ұрпақтың болсын көңілін толқытып, жүрегін тебірентер өміршең шығарма. Кеше ғана басына ақ күмбезін өзіңіз орнатқан Халима апаймен өткен Қозы мен Баяндай ғұмырыңыз бүгінгі ұрпаққа өнеге, жастарға аңыз етер бөлек жыр.

Қадірлі Әзеке, әрдайым күйлі-қуатты болыңыз, болашағыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін. *Құрметпен, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі.*

Министрдің лебізіне орай Әзаға да үнсіз қалмай «Жазушы алғысы» деген тақырыпта ілтисатын білдірген. Менің туған күнім – 15 желтоқсан. Биыл бұл күні төртінші рет 20 жасқа толдым. Осы қуанышты күніме байланысты маған арнаулы құттықтау, жеделхат жіберген

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедке, Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Әскери академиясының бастығы, полковник Еділ Уразовқа, Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданының әкімі Марат Әкірамовқа, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалинге және бұрынғы 100-дербес қазақ атқыштар бригадасының ардагерлер кеңесіне шын жүректен алғыс айтамын.

Осы күнгі нөмерлерінде «Жас Алаш» (редакторы Ж.Қорғасбек), «Қазақстан сарбазы» (редакторы подполковник С.Қанапиянов), «Қазақстан-Заман» (редакторы М.Тоқашбаев), Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» (редакторы Ж.Әділбаев) газеттері менің мерейтойыма арнап материалдар жариялады...

«Қазақ әдебиеті» газеті арқылы менің осы ұлы қуанышымды бөліскен ағаларым мен жеңгелерімнің, достарым мен жолдастарымның, інілерім мен келіндерімнің және қарындастарымның бәріне шексіз ризашылығымды білдіремін. *Әзілхан Нұршайықов, Қазақстанның халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері. [б.270]*

Қорытындыласақ, жоғарыда келтірілген хаттардан көрініп тұрғанындай, мұнда публицистік сипат анық аңғарылып тұр. Себебі эпистолярлық жанрда ресми сипатқа тән баяндау үрдісі сирек ұшырасады. Мұнда сезім, көңіл толқынысы, шынайылық бар. Адресант адресатқа көкейінің түкпіріндегі ойын тебірене отырып жеткізеді. Ол әлеуметтік мәселелер төңірегінде болса да, жеке қарым-қатынастық байланысты аңғартса да көсемсөздік сипатын сақтап қалады. Сондықтан хат жанры публицистік сипатын ұдайы ұстап тұра алатын өзгеше жанр деген түйінге тоқтала аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. 12 томдық, - 1972-1978.
2. Корконосенко С. Г., Основы журналистики. Москва, 2001. – 75б.
3. (Прохоров Е. Введение в теорию журналистики. Учебное пособие: М: МГУ, 1995. – С.32-34).
4. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері, - Алматы: Қазақ университеті, 2007.
5. Дүйсембекова Л. «Іс қағаздарын қазақша жүргізу». – Алматы, - 2007. № 8
6. Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы : оқу құралы / Тұрысбек Р. С.,; Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті - Алматы : Қазақ университеті, 2005 . - 271 б.